

**Түркістан облысы
Шардара қаласы
Адами Әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектеп**

**Террористік тұрғыдан объектілердің
терроризмге қарсы қорғалу бойынша
құрылған іс-шара жоспары**

2021-2022 оқу жылы

**Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«№2 Жамбыл Жабаев атындағы бастауыш мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

БҰЙРЫҚ № 71-79

Шардара қаласы

« 01 » 09 2021ж.

«Комиссия құрамын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Заңы Еңбек Кодексінің 11 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 қарашадағы №1217 санды қаулысына сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:**

1. Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын бақылау мақсатында төмендегіше комиссия құрамы құрылсын:

1. Мектеп директоры Г.Айдарханова – комиссия төрайымы.

2. Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасар Г.Сағым – төрайымның орынбасары.

3. Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары Н.Туребеков – комиссия мүшесі.

4. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Н.Есімхан - комиссия мүшесі.

5. Дене шынықтыру пәнінің нұсқаушысы Б.Сагимов – комиссия мүшесі.

6. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Е.Туребеков – комиссия мүшесі.

7. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ж.Абишев - комиссия мүшесі.

2. Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігі директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Сағымға жүктелсін.

3. Бұйрық жауапты мамандарға тапсырылсын.

Мектеп директоры м.а.



Есімхан Н.П.

Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«№2 Жамбыл Жабаев атындағы бастауыш мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БҰЙРЫҚ № 71-80

Шардара қаласы

«01» сәуір 2021ж.

«Комиссия құрамын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Заңы
Еңбек Кодексінің 11 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013
жылғы 12 қарашадағы №1217 санды қаулысына сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:**

1. Бейне бақылау пунктiне таспасын, жазбасын тексеруге рұқсаты бар
кызметкерлер

- Директордың тәрбие жұмысы жөнiндегi орынбасары Н.Есiмхан.
- Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөнiндегi орынбасары
М.Нурманова.
- Директордың шаруашылық жұмысы жөнiндегi орынбасары
Н.Туребеков.
- Дене шынықтыру пәнінің нұсқаушысы Б.Сағимов.

2. Бұйрық жауапты мамандарға тапсырылсын.

Мектеп директоры **м.а.**



Есiмхан Н.П.

Шаныстын
А.р
Сағимов

«Берік ел»
Мектеп директоры:

Г. Айдарханова

2022 жылғы қаңтар айындағы бастауыш мектебі бойынша 2021-2022 оқу жылындағы террористік тұрғыдан объектілердің терроризмге қарсы қорғалу бойынша құрылған іс-шара жоспары

№	Атқарылатын іс-шаралар	мерзімі	жауаптылар
1	Мектеп ұжымын Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатын талаптармен таныстыру	Қыркүйек	Мектеп директоры: Г.Айдарханова
2	«Оқушылардың діни көзқарасын анықтау» сауалнамасы.	Қыркүйек	Педагог психолог О.Залова Ж.Мырзалиева Л.Исаева
3	«Терроризм және соның зардаптары» сынып сағаттары	Қазан	Жұмағұл Л
4	«Құқық бұзушылықтар мен діни экстремизмнің алдын алу», «Балаға күйзеліс жағдайында психологиялық қолдау көрсету», «Заң және жауапкершілік» ата-аналар жиналысы.	Қараша	ДТДЖО Н.Есімхан М.Нурманова
5	«Адамгершілік бастауын өзімізден іздейік!» тақырыбында мұғалімдер арасында дөнгелек үстел ұйымдастыру.	Желтоқсан	Педагог психолог О.Залова Ж.Мырзалиева
	«Адамның сұлулығы – жан дүниесінде!» тақырып аясында 3-4 сынып оқушылары арасында шығармашылық кеш ұйымдастыру.	Қаңтар	Педагог психолог О.Залова Ж.Мырзалиева
	Терроризмге қарсы іс-қимылдың қағидалары» түсіндірмелік жұмыстар	Ақпан	Сынып жетекші Ахунбекова Г
	«Біз терроризмге қарсымыз!»	Наурыз	Педагог психолог

			О.Залова Ж.Мырзалиева
	«Ислам – өмір айнасы» сыныптан тыс шара.	Сәуір	Сынып жетекшілер
	«Әдептен озбайық!» тақырыбында оқушылар арасында әңгіме-сұхбат ұйымдастыру.	Мамыр	Педагог-психологтар: О.Залова Ж.Мырзалиева
	Атқарылған іс шаралардан анықтама беру.	Жыл бойы	ДТДЖО Н.Есімхан М.Нурманова

Дайындаған:
М.Нурманова

**Шардара аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты
«№2 Ж.Жабасев атындағы бастауыш мектебі» жиналысының**

ХАТТАМАСЫ

Шардара қаласы

«31» 08 2021ж

Қатысқандар: Мектеп директоры Г.Айдарханова, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Н.Есімхан, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары М.Нурманова, директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары Н.Туребеков, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі маман Е.Динасилов, ағылшын тілі пәні мұғалімі Д.Сайлауов

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Терроризм мен экстремизмнің алдын алу мақсатында 2021-2022 оқу жылында өткізілетін жаттығу жайлы.

Тыңдалды:

Кезекті мәселе бойынша АҚ штаб басшысы Е.Динасилов сөз алды.Өз сөзінде терроризм мен экстремизмнің алдын алу мақсатында күні 1-4 сыныпаралық таныту жалпы психологиялық климатты сақтау мақсатында сынып жетекшілерге баяндама жасауды ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Терроризм мен экстремизмнің алдын-алу мақсатындағы оқу-жаттығу өткізілсін.
2. Медбике Ж.Жарылқасынова кезекшілерге , еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау жөніндегі маман Е.Динасилов, мектеп инспекторы Қ.Тилеуов дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Ж.Абишевке оқу-жаттығудың дайындығы мен өткізілуі жүргізілуі жүктелсін.

Хатшы АҚ штаб басшысы:



Е.Динасилов

**Түркістан облысы
Шардара қаласы
Адами Әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектеп**

**Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы
қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын
талаптар**

(мұғалімдермен түсіндірмелік жұмыстар)

Мектеп директоры:

Дайындаған: Г.Айдарханова

2021-2022 оқу жылы

САУАЛНАМА

Құрметті респондент!

Сауалнама жабық түрде, құпия сақталады. Аты-жөніңіз беймәлім болғандықтан ашық түрде жауап беруіңізге толық болады. Әр сұрақты мұқият оқы, жауап нұсқаларымен танысқаннан кейін, керектісін тандап алып корша.

Сыныбың 4B

1. Сен бос уақытыңды қалай өткізесің?

1. спортпен айналысамын
2. достарыммен қыдырамын
3. туыстарымен бірге боламын
4. ғаламторда(интернет) отырымын
5. теледидар қараймын
9. үй шаруасымен айналысамын

5. кітап оқимын

10. басқа пікір (жазыңыз) Айтап оқимын, туыстарыммен б.

2. Сенің ойыңша, қазіргі таңда оқушылар арасында қандай өзекті мәселелер бар?

1. басқа діни ағымдарға(секталарға) өту
3. қылмыскерлік (тонау, кісі өлтіру, ұрлық жасау)
4. ата-аналармен түсініспеушілік
5. оқушылардың сабаққа деген немқұрайлығы
6. отбасының материалдық жағдайының төмендеуі
7. білім алуға деген немқұрайлылық. Ия болса себебін

жазыңыз Барлық

9. өзге балалардан қысым көру

10. басқа пікір(жазыңыз) Ондай болған жоқ

3. Сенің басыңда бопсалау, зорлық-зомбылық (әлімжеттік, қорқыту, ұрып-соғу т.с.с) сияқты мәселелер орын алып жатыр ма? Ия болса астың сыз немесе жазбаша жаз. Жоқ болса белгілеп, келесі сұраққа өт.

1. ия, орын алып жатыр.
2. ата-анам тарапынан ұрып соғу
3. сыныптастарымнан әлімжеттік
4. үлкен балалардан қысым
4. Сен ұстаздарыңның сабақ беруіне көңілің толады ма?

1. көңілім толады

2. көңілім толмайды

5. Сыныппен қарым-қатынасың қалай?

1. жақсы

2. жаман

3. қанағаттанарлық

6. Мұғалімдермен қарым-қатынасың қалай?

1. жақсы

2. жаман

3. қанағаттанарлық

7. Саған мүмкіндік берілсе мектептің білім және тәрбие жүйесіне қандай өзгерістер енгізер едің?

8. Сен қай апайыңның сабақ түсіндіргенін оңай түсінесің? (немесе сабақ беруі ұнайды)

9. Саған қай апайыңның сабақ түсіндіргені ұнамайды? (немесе түсінбейсің)

10. Саған мектеп ұнайды ма?

1. ия, ұнайды

2. жоқ, ұнамайды

3. басқа мектепке кеткім келеді.

Себебі: ия ұнайды мектеп мұғалімдері жақсы

11. Сен мектепке қуанышпен барасың ба, әлде үйде қалғың келе ме?

1. ия, мектепке асыға қуанышпен барамын

2. жоқ барғым келмейді.

Себебі: мектепке барғым келеді

12. Сен сабақтан көп қаласың ба?

1. ия, себепсіз көп қаламын.

Себебі: а. денсаулығымға байланысты көп қаламын

ә. Үйдегі мәселелерге байланысты қаламын

б. әлеуметтік жағдайға байланысты (киім, аяқ-киімнің жоқ болуы)

в. өз ойыңыз денсаулығымға байланысты көп қаламын

2. жоқ, қалмаймын

3. себеппен ғана қаламын

13. Сен бағалап, үлгі тұтатын мұғалімдеріңнің есімін жаз

Әуисенай, Сара апай, Есімт, Данабекбай, Айтжан,

Сауалнамаға қатысқаның үшін рахмет!

**Түркістан облысы
Шардара қаласы
Адами Әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектеп**

**«Терроризм және соның зардаптары»
түсіндірмелік жұмыстар**

Дайындаған: Жұмағұл Л

2021-2022 оқу жылы

Қатысқан мұғалімдер: 10

Қатысқан ата-аналар: 108

Тақырыбы: «Өскелең ұрпақты діни экстремизм мен терроризм идеологиясынан сақтандыру жолдары»

Мақсаты:

1. Ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен карауға шақыру.
2. Баланың бүтінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап оту.
3. Ата-аналарға экстремизм және терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру.

Күн тәртібінде:

1. Кіріспе сөз. Мектеп директоры Айдарханова Г.К.
2. «Діни экстремизм мен терроризмді алдын алу» тақырыбында баяндама. Аудандық ішкі саясат бөлімінің дінтанушы маманы Байбек Д.О.
3. «Діни экстремизм, терроризм — бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп», «Құқықбұзушылықтар мен діни экстремизмнің алдын алу». Шардара орталық мешітінің иманы Асанов Марат Рахматуллаұлы
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Мәселе

Мектеп директоры Айдарханова Г.К. сөз алып, жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйытқысы ата - ана мен мектеп. Болашақ десек те, келешек десе де бала - ұрпақ деген мағынаны білдіреді. Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы – дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу. Бала тәрбиесі – бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті. Кезінде Әл Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» - демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата - ана тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата - аналар іс - жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат екені жайында айтып өтті.

2. Мәселе

Аудандық ішкі саясат бөлімінің дінтанушы маманы Байбек Д.О. «Діни экстремизм мен терроризмді алдын алу» тақырыбында баяндамасында жастардың терең біліммен қаруланып, рухани жан-дүниесінің де бай, инабатты да иманды жеке тұлға ретінде қалыптасуында ата дініміз, асыл-құндылығымыз – ислам дінінің алар орны мен атқарар ролі ерекше. Данышпан Абай рухани тәуелсіздіктің кепілі – иман екенін айтқан болатын.

Өзінің жиырма сегізінші сөзінде «Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз деген, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз», - деп жазды. Иман деген сөз сенімді деген түсінікті білдіреді. Абай иманға тәуелсіздіктің кепілі есебінде қарай отырып, иман адамгершіліктің, танымның көрінісі дейді. Бала тәрбиесінде діннің де маңызды орын алатыны, жеке тұлғаның қалыптасуына жан-жақты ықпал ететіні заңды құбылыс. Себебі біз дін арқылы жас ұрпақты имандылыққа, мейірімділікке баули аламыз. Иманды жастардың қатарын көбейту арқылы, иманды мемлекет боламыз. Бүгінгі күндегі ислам атын жамылып, қоғамға жат әрекеттер жасап жүрген түрлі секталар мен діни ағымдардың тигізіп жатқан зардаптары да жетерлік. Біздің кейбір жастарымызды елімізге ентелей енген жат ағымдар мен секталар өз жетектеріне ертіп әкетуде. Сондықтан бізге ең алдымен рухани білім керек. Осы білім арқылы ғана біз ненің ақ, ненің қара екенін саналы түрде айыра аламыз. Қоғам болып жұмылып, рухани тәрбиенің бірден-бір көзі болып саналатын дінімізді сақтап, қорғап, мұсылманшылық пен имандылықтың өркен жайып, халыққа қызмет етуіне себепші болайық, -деп өз баяндамасын қорытындылады.


3.Мәселе

Шардара орталық мешітінің ұстазы Асанов М.Р.«Діни экстремизм, терроризм — бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» тақырыбындағы баяндамасында экстремизм мүшелері көздеген мақсаттарына жету үшін ешнәрседен қаймықпайды. Небір озбыр әрекеттерге барады. Тіпті өздерін құрбан етуге әзір. Осылайша күш, қару қолдану және заңдар сенім — нанымдарды аяққа таптап, дін атын бүркемелеп, діттегендеріне жетуге тырысады. Өзі үшін бөгде пікірде саналатындарды түрлі амал — айдалармен арандатуды ойластырады. Экстремизм діндегі жеңілдеткен үкімдерді ауырлатып көрсетіп, халыққа түймедейді түйедей етіп көрсетіп бағады. Мұсылмандық адал, таза тіршілікті лайлауға барынша тырысып баққан, бөгде, бөтен пасық пиғылды адамдары екені жайында сөз қозғады.

Ата-аналар жиналысы қаулы етеді:


- 1.Ата-аналар балаларына жауапкершілікпен қарау.
- 2.«Діни экстремизм мен терроризмді алдын алу» тақырыбында баяндама тыңдалды.
3. «Діни экстремизм, терроризм — бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» баяндама тыңдалды.
- 4.Сынып жетекшілер мен ата-аналар бірлесіп жұмыс жасау.

Ата-аналар комитетінің төрайымы:



Айтбаева О

Хатшы:



Үсенбаева Айсұлу

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш
мектебінің педагог-психологы
О.Залованың жүргізген жұмысының

М Ә Л І М Е Т І

2021ж.желтоқсан. №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің мұғалімдер арасында «Адамгершіліктің бастауын өзімізден іздейік» әңгіме - сұхбат жүргізілді.

Мақсаты: Адамгершілік қасиеттерді дамыту. Адамгершілікке, мейірімділікке, қайырымдылыққа, кішіпейілділікке үйрене отырып, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.

Мұғалімдермен жүргізілген әңгіме сұхбат қызықты өтті. Адамгершілік қасиеттерге қандай қасиеттер жататынын айтып, проблемалық жағдаяттарды шешуге үйренді. Иmandылық қасиет туралы видеоролик көрсетіліп, мұғалімдер өз ойларымен бөлісті. Адамгершілік туралы мақал-мәтелдер айтты. Адамгершілік қасиеттердің бірі ата-ананы сыйлау екенін айта келе, «Ана» туралы әнмен сұхбат - сабақты қорытындылады

Дайындаған: О.Залова


Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

Адамгершілік бастауын өзімізден іздейік!
(дөңгелек үстел)

Педагог-психолог: О.Залова

2021-2022 оқу жылы

"Адамгершілік бастауын өзімізден іздейік" доңгелек үстелден көріністер



Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

"Адамның сұлулығы-жан дүниесінде!"

Педагог-психолог: О.Залова

2021-2022 оқу жыл

М Ә Л І М Е Т І

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 2022ж, қаңтар айында 3-4 сынып оқушыларымен "Адамның сұлулығы- жан дүниесінде" тақырыбында жұмыстар жүргізілді.

Мақсаты: Халықтық тәлім-тәрбие негізінде қазіргі қазақ қыздарының бойында жан сұлулығын қалыптастыру жолдарын көрсету, адамгершілікке үндеу. «Қыз баланы тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» қағидасымен қазақ қоғамында ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарға негізделген отбасы мәртебесін нығайту.

Қазақ қауымында қыз баланың орны ерекше болған. Оны мынадай мақал мәтелдерден анық аңғарамыз. Ата-бабаларымыз қызды қонақ деп есептеген, барған жерде бағының ашылуын үйде отырып қамдаған. Барынша ізетті, сыпайы, мейірімді де ісмер, қылықты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркінсітпеген.

«Қыз- өрісі, ұл- қоныс» деп білгендіктен кезекем өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көңіл бөлген. « Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» дей отырып, « Қызға қырық үйден тыйым» жасайды.

Педагог-психолог: О. Залова

Түркістан облысы
Шардара ауданы
№2 Ж.Жабиев атындағы бастауыш мектебі

Біз терроризмге қарсымыз!

(түсіндірмелік сабақ)

Педагог-психолог О.Жалова

2021-2022 оқу жылы

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш
мектебінде оқушылар арасында
«Біз терроризмге қарсымыз»
тақырыбында жүргізілген
түсіндірмелік жұмыстың

М Ә Л І М Е Т І

2022 жылдың наурыз айында мектеп оқушыларына « Біз терроризмге қарсымыз» тақырыбында түсіндірмелік жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға терроризм, экстремизм туралы терең түсінік берілді. Оның түрлері , себептері мен зардаптары туралы түсіндірілді. Жасөспірімдерге қоғамның әлеуметтік,құқықтық, діни сипаттарынұғындыра отырып, оларды террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеуіне шақырдық.

Педагог-психолог: О.Залова

Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

Әдептен озбайық
(түсіндірмелік сабақ)

Педагог-психолог: О.Залова

2021-2022 оқу жыл

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш
мектебінің педагог-психологы
О.Залованың жүргізген жұмысының

М Ә Л І М Е Т І

2022ж. мамыр айы. №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің оқушылар арасында «Әдептен озбайық» тақырыбында әңгіме -сұхбат жүргізілді.

Мақсаты :Оқушыларды адамдық асыл қасиеттерді, өмір заңдылықтарын оқып үйренуге тәрбиелеу, жаман қасиеттерден бойын аулақ ұстауды үйрету.Оқушылардың бойына адами игі қасиеттерді қалыптастыруға тәрбиелеу.

Адамгершілік адамдардың бірін – бірі құрметтеуінен, оған сәнуінен, басқаның мүддесі үшін өзін құрбан етуінен, шыншыл болу әрекеттерінен байқалады. Оқушылар жақсы мен жаман қасиеттерге не жататынын айтып шықты. Адамгершілік қасиеттерге әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, әділдік, өзара көмек, достық, адалдық, үлкенді сыйлау, кісілік т.б жатады. Жаман қасиеттерге ұрлық, қорлық, тонаушылық, арақ – шарап ішу, біреуге жамандық ойлау, күндеу, өтірік айту, балағаттау, ұру, жер –жебіріне жете ұрсу т.б жатады. Осындай жаман қасиеттерден әрқашан да аулақ болу қажет екенін айтты.

Дайындаған: О.Залова


**Түркістан облысы
Шардара қаласы
Адами Әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектеп**

«Терроризмге қарсы іс-қимылдың қағидалары» түсіндірмелік жұмыстар

Дайындаған: Ахунбекова Г

2021-2022 оқу жылы

Адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде өткізілген «Балаларды қалай қорғаймыз»
тақырыбында өткізілген түсіндірмелік жұмыстан көріністер



**Адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде өткізілген «Терроризм және оның
зардаптары» сынып сағатынан көріністер**



**Адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде өткізілген «Терроризм және оның
зардаптары» сынып сағатынан көріністер**



Адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде өткізілген «Терроризм және оның
зардаптары» сынып сағатынан көріністер



Арнайы операция
басталған жағдайда !

бетіңді төмен қаратып,
еденге жатыңыз
қолдарыңызды желкеніңізге
салыңыз
арнайы жасақ (спецназ)
қызметкерлеріне қарсы
жүтірмеңіз
терезелерге, есіктерге
жақындамаңыз
қызметкерлердің жаруын
қолыңызға алмаңыз



№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің 4 сыныптар арасында жүргізілген «Жихад, терроризм, экстремизм жайлы не білеміз?» тақырыбында жүргізілген баяндамадан көріністер



№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің 2021-2022 оқу жылындағы террористік тұрғыдан объектілердің терроризмге қарсы қорғалу бойынша жұмыстың қорытындысы

Мақсаты:

1. Оқушылардың адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу.
2. Оқушылардың діни көзқарасын қалыптастыру.
3. Оқушыларға «экстремизм», «терроизм» ұғымдарын қалыптастыру.

Осы мақсатқа сүйене отырып №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектеп діни-экстремизмнің алдын-алуға байланысты жоспар құрылып мына төмендегі жұмыстар жүргізілді. Қыркүйек айында мектеп директоры Г.Айдарханова мектеп ұжымын Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатын талаптармен таныстырды. Педагог психологтар 2-4 сынып оқушыларымен «Оқушылардың діни көзқарасын анықтау» саунамасын жүргізді. Қазан айында сынып жетекші Л.Жұмагүл «Терроризм және соның зардаптары» сынып сағаты өткізілді. Мектебіміздің тәрбие орынбасарлары қараша айында Н.Есімхан мен М.Нурманова «Құқық бұзушылықтар мен діни экстремизмнің алдын алу», «Балаға күйзеліс жағдайында психологиялық қолдау көрсету», «Заң және жауапкершілік» ата-аналармен жиналыс өткізді. Желтоқсан айында «Адамгершілік бастауын өзімізден іздейік!» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Қаңтар айында «Адамның сұлулығы-жан дүниесінде!» тақырып аясында 3-4 сынып оқушылары арасында шығармашылық кеш ұйымдастырды. Ақпан айында сынып жетекші Г.Ахунбекова «Терроризмге қарсы іс-қимылдың қағидалары» атты тақырыпта түсіндірмелік жұмыстар жүргізді. Оқушылар арасында қазіргі таңда әлемнің түкпір –түкпірінде болып жатқан діни экстремизм және терроризмнің алдын-алуға байланысты сұрақтар қаралып талқыланды. Дүние жүзінде діндердің таралуы бойынша біраз мәліметтер берілді. Қаңтар айының «Біз терроризмге қарсымыз!» тақырыбында 2-4 с сыныптарымен дөңгелек үстел өтті. Қазіргі кезде қоғамымызды, адам санасын улап жатқан діни ағымдардың саны уақыт өткен сайын көбейіп барады. Олардың қаншама біз білмейтін түрлері бар. Сонымен қатар оның адам санасына, өміріне деген қаншалықта зиян келтіріп жатқанын көптеп естіп жүрміз. Міне осы діни ағымдар туралы оқушыларға мәлімет бере отырып, біздің мұсылман дінімізде оларды қолданудың, қабылдаудың зияны мен күнәсі көрсетілген. Осы адастырушы діни ағымдар туралы оқушыларға мәлімет бере отырып және олардан аулақ болуын айтып өтті.

Дайындаған: М.Нурманова